

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті  
Жаратылыстану ғылымдары факультеті  
География және туризм кафедрасы



География және туризм кафедрасының профессоры,  
география ғылымдарының кандидаты

**НҰРҒАЛИЕВА ГҮЛШАТ  
ЖАЛҒАБАЙҚЫЗЫНЫҢ**

70 жас мерей тойына арналған

*«Аймақтық зерттеулердің  
өзектілігі мен болашағы»*

атты ғылыми-әдістемелік семинар  
БАҒДАРЛАМАСЫ

**География және туризм кафедрасының профессоры, география ғылымдарының кандидаты НҰРҒАЛИЕВА ГҮЛШАТ ЖАЛҒАБАЙҚЫЗЫНЫҢ мерейлі 70 жасына арналған «Аймақтық зерттеулердің өзектілігі мен болашағы» атты ғылыми-әдістемелік семинардың  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Өтетін уақыты мен орны:** Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Бас оқу ғимараты, 2-қабат, А.С.Иманғалиев атындағы Ғылыми Кеңес залы

**Сағат:** 10.00-11.30, 7-сәуір 2026 жыл.

**Форматы:** Офлайн - онлайн

**ZOOM Идентификатор:** 998 2389 7840

**Пароль:** 6495

**Регламент:** 5-7 мин.

*Модератор: Идрисов Саламат Нұрмұханұлы – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы – ректор*

<b>№</b>	<b>Уақыты</b>	
1.	10.00-10.10	<i>Кіріспе сөз</i> <b>Идрисов Саламат Нұрмұханұлы</b> <i>Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы – ректор</i>
2	10.10-10.20	<i>Бейнеролик жіберу (10 мин)</i>
<b>БАЯНДАМАЛАР</b>		
3	10.20-10.25	<b>Медеу Ахметқал Рахметоллаұлы</b> <i>Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, география ғылымдарының докторы, «География және су қауіпсіздігі институты» АҚ басқарма төрағасы «Құттықтау сөз» (онлайн)</i>
4	10.25-10.30	<b>Сергеева Айгуль Максатовна</b> <i>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Физикалық және экономикалық география кафедрасының профессоры, г.ғ.к. «Атырау облысының геоэкологиялық мәселелері» (онлайн)</i>
5	10.30-10.35	<b>Сапаров Қуат Табылдинович</b> <i>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Физикалық және экономикалық география кафедрасының профессоры, г.ғ.д. «Атырау облысының топонимдерінің қалыптасуының географиялық негіздері» (онлайн)</i>
6	10.35-10.40	<b>Тоқпанов Еркін Айпұлы</b> <i>І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Жаратылыстану пәндері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, г.ғ.к. «Атырау облысының геоэкологиялық мәселелері және оны шешу жолдары» (онлайн)</i>
7	10.40-10.45	<b>Қасенов Солтанбек Қапасович</b> <i>Абай атындағы ҚазҰПУ География және экология кафедрасының доценті, пед.ғ.к., «Құттықтау сөз» (онлайн)</i>
8	10.45-10.50	<b>Ахмет Аққали Қабижанұлы</b> <i>Атырау облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің Кәсіподақ</i>

		<i>одагының төрағасы «Құттықтау сөз»</i>
9	10.50-10.55	<b>Таңатарова Жамига Тәжікқызы</b> <i>Т.ғ.д., профессор, Х.Табылдиев атындағы ғылыми зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері «Құттықтау сөз»</i>
10	10.55-11.00	<b>Нагимов Шахман Нагимович</b> <i>Ардагерлер Кеңесінің төрағасы, п.ғ.к., профессор «Құттықтау сөз»</i>
11	11.00-11.05	<b>Қожамжаров Қуандық Қожамжарұлы</b> <i>Б.Нысанбаев атындағы орта мектеп директоры, шәкірті «Құттықтау сөз»</i>
12	11.05-11.10	<b>Кабиев Ерлан Сырымұлы</b> <i>География және туризм кафедрасының меңгерушісі, PhD «Атырау өңірінің тұрақты дамуын зерттеудің жаңа бағыттары»</i>
13	11.10-11.15	<b>Жұмағазиев Арман Закарияұлы</b> <i>География және туризм кафедрасының аға оқытушысы, пед.ғ.магистры «Туристік аудандастырудың аймақтық зерттеулердегі маңызы»</i>
14	11.15-11.20	<b>Есенаманова Мансия Санаққызы</b> <i>Жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы, тех.ғ.к.</i>
		<b>Қатысушылардың естелік фотоға түсуі</b>

## Өмірбаян



Нұрғалиева Гүлшат Жалғабайқызы 1956 жылы қаңтар айының 2-сінде Гурьев (Атырау облысы) облысы, Бақсай ауданы, Талқайраң ауылында дүниеге келді. 1962-1971 жж. Талқайраң 8 жылдық мектебінде білім алып, 1971-73 жж. Гурьев қаласындағы Ы.Алтынсарин орта мектебін бітірді. 1973 жылы Алматы қаласында С.М.Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университетінің география факультетіне түсіп, 1979 ж. география оқытушысы мамандығын алды. Қазақ КСР ғылым академиясы жанындағы «Мұнай химиясы және табиғи тұздар» ғылыми зерттеу институтында инженер (1982-1988 жж.), Гагарин атындағы №4 орта мектепте география пәні мұғалімі (1988-1998 жж.), Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Ботаника және география» кафедрасының оқытушысы (1998 жж.), Гуманитарлық факультеті «География және

оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы (2002 жж.) қызметін атқарып, 2009 жылы кафедра меңгерушісіне тағайындалды.

Қазіргі таңда Атырау университетінің Жаратылыстану ғылымдары факультетінің География және туризм кафедрасының қауымдастырылған профессоры қызметін атқарады.

2006 жылы Жер туралы ғылымдар, металлургия және кен байыту орталығы АҚ География институты ЖШС-ның ғылыми ізденушісі болып тіркеліп, «Атырау облысының ландшафттарының қазіргі замандық табиғат пайдалану жағдайындағы антропогендік түр өзгертуі» атты тақырыбында ғылыми-зерттеу жұмысын аяқтап, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2009 жылы 22-сәуірдегі шешімімен (№4 хаттама) география ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі (ФК№0002870) берілді.

Нұрғалиева Гүлшат Жалғабайқызының жарық көрген еңбектерінің саны – 40, оның ішінде 1 авторлық куәлік, 3 монография, 5 оқу құралы, жоғары импакт-факторлы ғылыми журналда 5, ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енген ғылыми журналдарда 10 ғылыми мақаласы жарық көрген.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Құрмет грамотасы, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗМЕТКЕРІ» төсбелгісі, Білім және ғылым саласының үздік қызметкері қатарынан көрінгені үшін «ҚАЗАҚСТАН ҰСТАЗЫ – 2022» төсбелгісімен марапатталған.